

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 13 қазандағы N 10-ө бұйрығымен
бекітілген (1997 жылғы 13 қарашадағы мемлекеттік тіркеу N 417) "Жинақтаушы
зейнетақы қорларындағы бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп беру
жөніндегі ережеге" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігі 1998 жылғы 18 желтоқсан N 175-ө.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 21 қаңтарда N
670 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4
шілдедегі N 213 қаулысы.

Жинақтаушы зейнетақы қорларында аудиторлық тексеру (сыртқы аудитті)
өткізу, бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп тапсыру ережелерін
нақтылау және айқындау мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 13 қазандағы N 10-ө
бұйрығымен бекітілген (1997 жылғы 13 қарашадағы мемлекеттік тіркеу N 417) "
Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы бухгалтерлік есеп жүргізу және
қаржылық есеп беру жөніндегі ережеге" қоса беріліп отырған өзгерістер мен
толықтырулар бекітілсін және олар Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолдануға енгізілсін.

2. Заң бөлімі (Ремкевич И.А.) өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік
тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

Директор

1. Нормативтік құқықтық актінің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "
Жинақтаушы зейнетақы қорларында бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық
есеп тапсыру ережелері".

2. 1-тараудың 1-тармағындағы "Жинақтаушы зейнетақы қоры үшін (бұдан әрі
- Қор) бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп беру тәртібін" деген
сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларында (бұдан әрі - Қор) бухгалтерлік есеп
жүргізуді және қаржылық есеп тапсыру ережелерін" деген сөздермен
ауыстырылсын және одан әрі мәтін бойынша.

3. 1-тараудың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "Агенттік бекіткен "
Жинақтаушы зейнетақы қорларында бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық
есеп тапсыру ережелері" барлық Қорлар үшін міндетті."

4. 2-тараудың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қор Қордың акционерлерінің жалпы жиналысы бекітетін Есеп саясатын әзірлейді. Қордың Есеп саясаты жинақтаушы зейнетақы қорларында бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп берудің ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беру жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қалыптасады".

5. 3-тараудың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қордың жылдық қаржылық есебін, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және бекіту үшін Қор аудиторлық тексерулер (сыртқы аудит) жүргізеді".

6. Тараудың төртінші абзацындағы "Қор аудиторлық тексерулер (сыртқы аудит) жүргізеді" деген сөздерден кейін 3-тарау мынадай мазмұндағы екі абзацпен толықтырылсын:

"Қаржылық жыл қорытындысы бойынша аудиторлық тексерудің жүргізілуі міндетті".

"Қорға сыртқы аудитті мемлекеттік уәкілетті орган берген лицензиясы бар аудитор/аудиторлық ұйым жүргізеді".

7. 3-тарау мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын: "Аудит жүргізуге шарт жасасқан кезде Қор аудитормен/аудиторлық ұйыммен оның аудиторлық қорытындыда мынадай мәліметтерді көрсетуі жөніндегі міндетін көздеуге және келісуге міндетті:

1) өз қаражаты бойынша:

- есеп пен есеп беруде Қор жүргізген операцияларды көрсетудің уақтылы, толық және нақты болуына баға беру;

- қордың ішкі аудитінің әділдігіне баға беру;

- бухгалтерлік операциялардың Қордың есеп саясатына сәйкес көрсетілуінің дұрыстығы;

- Қордың өз қаражаты бойынша операциялар жүргізген кезде салық заңдарының сақталуы;

2) жинақталған зейнетақы қаражаттары бойынша:

- есеп пен есеп беруде Қор жүргізген операцияларды көрсетудің уақтылы, толық және нақты болуына баға беру;

- салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарында түскен зейнетақы жарналарын көрсетудің уақтылылығы және дұрыстығы;

- салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарында инвестициялық табыстың есептелуінің уақтылылығы және дұрыстығы;

- салымшыға (алушыға) оның жинақталған зейнетақы қаражаттары туралы ақпараттар берудің уақтылылығы және сенімділігі;

- қордың ішкі аудитінің әділдігіне баға беру;

- жинақталған зейнетақы қаражаттары бойынша, зейнетақы төлемдерін

жүзеге асыру кезінде алушылардан табыс салығын ұстауға қатысты операцияларды жүргізген кезде салық заңдарының сақталуы".

8. 4-тараудың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қор Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Ережелермен белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есепті жүзеге асырады және қаржылық қызмет бойынша есеп тапсырады".

9. 4-тараудың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қаржылық есеп пайдаланушылар үшін анық және түсінікті болуы тиіс, онда өткен кезең үшін тиісті мәліметтер келтірілген болуы керек."

10. 4-тараудың үшінші абзацы алынып тасталсын.

11. 4-тараудың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қор ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есептерді белгіленген мерзімдерде тапсырады. Уәкілетті органның талап етуі бойынша Қор белгіленген мерзімдерде қосымша мәліметтер беруге міндетті".

12. 4-тараудың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Жыл сайынғы қаржылық есепті аудитор/аудиторлық ұйым растайды. Аудиторлық тексеру нәтижесі бойынша жасалған қорытынды Қор қызметі туралы жылдық қаржылық есептің ажырамайтын бөліп болып табылады".

13. 4-тараудың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қор өз қаражаттары бойынша операциялар жүргізу үшін заңда белгіленген тәртіппен екінші дәрежелі банктерде банктік шот ашуға құқылы".

14. 5-тараудың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Агенттікке ай сайын тапсырылатын қаржылық есепке мыналар кіреді:

- бухгалтерлік баланс (N 1 қосымша);
- жинақталған зейнетақы қаражаттары бойынша ақша қозғалысы туралы есеп (N 4 қосымша);
- таза зейнетақы активтері туралы есеп (N 7 қосымша);
- түсіндірме жазба".

15. 5-тараудың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Агенттікке тоқсан сайын тапсырылатын қаржылық есепке мыналар кіреді:

- Қордың бухгалтерлік балансы (N 1 қосымша);
- қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп (N 2 қосымша);
- ақша қозғалысы туралы есеп (N 3 қосымша);
- таза зейнетақы активтері туралы есеп (N 7 қосымша);
- өз капиталының қозғалысы туралы есеп (N 5 қосымша);
- айналыстан тыс активтердің қозғалысы туралы есеп (N 6 қосымша).

16. 5-тараудың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылдық қаржылық есеп мыналардан тұрады:

- бухгалтерлік баланс (N 1 қосымша);

- қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп (N 2 қосымша);
 - ақша қозғалысы туралы есеп (N 3 қосымша);
 - өз капиталының қозғалысы туралы есеп (N 5 қосымша);
- айналыстан тыс активтердің қозғалысы туралы есеп (N 6 қосымша);
 - таза зейнетақы активтері туралы есеп (N 7 қосымша);
- жыл ішінде жасалған жұмыстар туралы жылдық есепке түсіндірме жазба,
қ о с ы м ш а м ә л і м е т т е р м е н ;
- жүргізілген аудит нәтижелері бойынша аудиторлық қорытынды".